

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БІЛКІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ҚазҰҚПУ ОӘК отырысында
қарастырылды және бекітілді
«25» ақпан 2025 ж. № 2 хаттама

**ЖОБА
ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БІЛКІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ
ДАМУ: ТЕОРИЯДАН ТӘЖІРИБЕГЕ ДЕЙІНГІ ЖАҢА ӘДІСТЕР»**

Құрастырушы автор:
Ермекбаева Л.К.
Кеңесбекова І.С.
Аяпбергенова А.Ж.
Кулымбаева А.К.

Алматы, 2025

1. Жалпы ережелер

Бұл бағдарлама психологтардың, педагог-психологтардың және педагогтардың біліктілігін арттыруға, эмоционалды интеллектті тереңірек түсінуге және оны оқу процесіне енгізу әдістерін меңгеруге арналған. Ол педагогтарға эмоцияларды тану, басқару және тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерімен таныстырып, оларды тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын дамытуға бағытталған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасының I тарауы мен 3-бабында кез келген адамның жас ерекшеліктері, психо-физиологиялық қасиеттері мен интеллектуалдық қабілеттерін ескере отырып, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту айырқылы барлық деңгейде білім алуға құқылы екендігі көрсетілген. Бұл ұстаным тұлғаның интеллектуалды тұрғыдан ойлау қабілеті мен санасын дамыту үшін жасалатын әрекеттердің маңыздылығын айқындайды.

Бағдарлама теориялық және тәжірибелік негіздерді біріктіреді, модульдік құрылымға негізделген.

2. Глоссарий

Эмоциялар – жағдайға, оқиғаға, затқа немесе адамға қатысты қарапайым, қысқа мерзімді әсерленулер.

Сезімдер - адамның жағдайларға, оқиғаларға олардың мағынасын көрсететін ұзақ және тұрақты эмоционалды қатынастары.

Эмоционалды интеллект – когнитивті компоненті айқын когнитивті-тұлғалық құрылым, эмоцияларды түсіну және басқару үшін ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі табысты кәсіби іс-әрекет үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттердің дамуына әсер ететін коммуникативті, эмоционалды және реттеуші қабілеттердің жиынтығы.

Икемді дағдылар - жағдайларға бейімделу, проблемаларды шешу, сезімдерді бақылау сияқты дағдылар.

Психологиялық қолдау - баланың эмоциялық сауатын арттыруға бағытталған сауатты оқу мен менторлік қолдау.

Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім.

Алекситимия - адамның өзі немесе басқа адамдар сезінетін эмоцияларды атай алмауы.

Өзін-өзі тану – адамның өз эмоцияларын дәл қабылдап, оларды түсіну және басқару қабілеті.

Өзін-өзі реттеу – адамның өз эмоцияларын бақылау, стрессті басқару және импульсивті әрекеттерді шектеу қабілеті.

Мотивация – адамның өз мақсаттарына жетуге деген ішкі құлшынысы мен табандылығы.

Әлеуметтік дағдылар – адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату, келіссөз жүргізу және командада жұмыс істеу қабілеті.

Эмоционалды өзін-өзі реттеу – күйзеліс пен қиындықтар кезінде эмоцияларды басқара білу қабілеті.

Когнитивті эмпатия – басқа адамдардың ойлары мен сезімдерін түсініп, олардың әрекеттерінің себептерін бағалау қабілеті.

Эмоционалды реакция – белгілі бір жағдайға адамның эмоциялық тұрғыдан жауап беруі.

Эмоциялық тұрақтылық – стреске төзімділік және күрделі жағдайларда сабырлықты сақтау қабілеті.

Вербалды емес қарым-қатынас – мимика, ым-ишара, дауыс ырғағы және басқа да вербалды емес белгілер арқылы эмоцияларды жеткізу.

Эмоциялық интеллект деңгейлері – адамның эмоцияларды түсіну және басқару қабілетінің даму деңгейлері.

Эмоциялық қажу – ұзақ мерзімді эмоционалды жүктеме нәтижесінде адамның психикалық және физикалық шаршауы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

<i>Модуль 1.</i> Эмоционалды интеллекттің негізгі концепциялары	Модуль бағдарламасын үйрену, платформамен танысу, оқу ережелері. Эмоционалды интеллект түсінігі. Эмоционалды интеллекттің даму тарихы. Эмоционалды интеллект құрылымы. Эмоция және сезім туралы жалпы түсінік. Эмоциялар және олардың функциялары. Эмоционалды интеллекттің тұлғаға әсері. Эмпатия және оның эмоционалды интеллекттегі рөлі. Эмоцияларды тану және реттеу дағдылары. Алекситимия. Эмоционалды интеллекттің негізгі теориялары мен модельдері. Тұлғааралық қарым-қатынаста эмоционалды интеллектіні қолдану.
<i>Модуль 2.</i> Педагогтардың эмоционалды сауаттылығы	Эмоционалды сауаттылық анықтамасы және оның педагогикалық қызметтегі маңызы. Эмоцияларды түсіну және тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары. Өзін-өзі реттеу және стрессті басқару. Эмоционалды интеллект және педагогтың көшбасшылық қасиеттері. Эмоционалды саулық және кәсіби күйзелістің алдын алу. Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы: үлгілік мінез-құлық және сыныптағы ынтымақтастық.
<i>Модуль 3.</i> Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологиялары	Балалардың эмоцияларын тану және атау қабілетін дамыту. Эмоцияларды тану және ажырату қабілеті. Өзін-өзі реттеу, оның психологиялық негіздері. Конфликт жағдайларын тиімді шешу тәсілдері. Балалардың конфликтті қалай қабылдайтыны және оған реакциясы. Эмоцияларды шығармашылық арқылы білдіру. Ойынның эмоционалды даму үдерісіндегі маңызы. Оқушылардың прогрессін анықтауға арналған

	шкалалар мен тесттер (М.А.Манойлованың эмоционалды интеллект диагностикалау методикасы, К.Барчардтың эмоционалды интеллект сауалнамасы).
<i>Модуль 4.</i> Инклюзивті білім берудегі эмоционалды интеллект	Инклюзивті сыныптарда эмоцияларды басқарудың ерекшеліктері. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоционалды дамуын қолдау. Эмпатия және қабылдау мәдениетін қалыптастыру. Инклюзивті сыныпта эмоциялық қауіпсіздік ортасын құру. Инклюзивті сыныпта эмоционалды интеллектті дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. Инклюзивті ортада педагогтың рөлі.
<i>Модуль 5.</i> Эмоционалды интеллектті дамытуда ата-аналармен серіктестік	Ата-аналарды эмоционалды сауаттылығы. Эмоционалды интеллекттің отбасындағы қарым-ұатынасқа әсері. Баланың эмоцияларын бақылау және түсіну бойынша ата-аналарға арналған практикалық жұмыстар. Отбасындағы эмоционалды климатты жақсарту әдістері. Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың негізгі қағидалары. Бала дамуы үшін ата-ана мен педагог арасындағы серіктестіктің рөлі.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты: Педагогтардың эмоционалды интеллектін дамыту арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу процесінде эмоционалды сауаттылықты тиімді қолдану, оқушылардың эмоцияларын басқару дағдыларын қалыптастыру және инклюзивті білім беру жағдайында эмоционалды қолдау көрсетудің заманауи әдістерін меңгеру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) эмоционалды интеллекттің теориялық негіздерін меңгерту;
- 2) педагогтардың эмоционалды сауаттылығын дамыту;
- 3) оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологияларын меңгерту;
- 4) инклюзивті білім беруде эмоционалды интеллектті қолдану
- 5) ата-аналармен серіктестікті нығайту;
- 6) практикалық қолдану дағдыларын қалыптастыру
- 7) бағалау және өзін-өзі бақылау, бағдарлама барысында алынған білім мен дағдыларды бекіту үшін диагностика құралдарын қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) Эмоционалды интеллекттің негізгі теориялары мен модельдерін меңгереді, оны кәсіби және тұлғалық дамуда тиімді қолдануды үйренеді.
- 2) Өз эмоцияларын және оқушылардың эмоцияларын түсіну, басқару дағдыларын дамытады, кәсіби күйзелістің алдын алу әдістерін меңгереді.
- 3) Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологияларын қолдана алады, олардың өзін-өзі реттеу және жанжалды тиімді шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

4) Инклюзивті білім беру жағдайында эмоционалды қолдау көрсетудің заманауи әдістерін меңгереді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіреді.

5) Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатады, оларды эмоционалды сауаттылыққа баулып, отбасылық қолдау жүйесін нығайтады.

6) Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған диагностикалық құралдарды қолдануды үйренеді, оқушылардың эмоционалды дамуын бағалау әдістерін меңгереді.

7) Педагогикалық тәжірибесінде эмоционалды интеллектті дамытудың тиімді стратегияларын қолданады, мектептегі эмоционалды әл-ауқатты жақсартады.

8) Бағдарлама педагогтардың эмоционалды интеллектін дамыту арқылы олардың кәсіби тиімділігін арттырып, білім беру үдерісінде қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы №1 қосымша 5 модульден тұрады:

Эмоционалды интеллекттің негізгі концепциялары; педагогтардың эмоционалды сауаттылығы; оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологиялары; инклюзивті білім берудегі эмоционалды интеллект эмоционалды интеллектті дамытуда ата-аналармен серіктестік.

1) Модуль 1. Эмоционалды интеллекттің негізгі концепциялары.

Бұл модуль эмоционалды интеллекттің теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Курстың алғашқы бөлімінде тыңдаушылар оқу процесінің құрылымы мен платформамен танысады. Одан кейін эмоционалды интеллекттің мәні, оның тарихи дамуы және негізгі құрылымдық компоненттері қарастырылады. Эмоциялар мен сезімдердің психологиялық негіздері, олардың адамның мінез-құлқына, шешім қабылдауына және тұлғалық дамуына әсері зерттеледі. Эмпатияның EI-дегі маңызы мен тұлғааралық қарым-қатынастардағы рөлі талданады. Сонымен қатар, эмоцияларды тану және реттеу дағдыларына ерекше назар аударылып, эмоцияларды дұрыс түсінбеудің бір көрінісі ретінде алекситимия ұғымы қарастырылады. Модуль эмоционалды интеллекттің негізгі теориялары мен модельдерін талдаумен аяқталады. Бұл бөлімде тыңдаушылар эмоционалды интеллектті тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді пайдалану жолдарын үйреніп, оның кәсіби және жеке өмірдегі маңыздылығын түсінеді.

2) Модуль 2. Педагогтардың эмоционалды сауаттылығы.

Педагогтардың эмоционалды интеллектін дамытуға және оны кәсіби қызметте тиімді пайдалануға бағытталған. Педагогтың эмоционалды сауаттылығының маңызы, эмоцияларды түсіну және басқару дағдылары қарастырылады. Сонымен қатар, өзін-өзі реттеу, стрессті басқару және кәсіби күйзелістің алдын алу әдістері талданады. Педагогтың көшбасшылық қасиеттері мен эмоционалды тұрақтылығының сыныптағы ынтымақтастыққа әсері зерттеледі. Педагогтар эмоцияларды тиімді басқаруды, өздерін және оқушыларды эмоционалды қолдауды үйренеді.

3) Модуль 3. Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологиялары.

Оқушылардың эмоцияларын тану, түсіну және реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Балалардың эмоцияларды ажырату және атау қабілетін жетілдіру, өзін-өзі реттеудің психологиялық негіздерін меңгеру қарастырылады. Конфликт жағдайларын тиімді шешу тәсілдері, балалардың жанжалға деген реакциясы және оны басқару әдістері талданады. Сондай-ақ, эмоцияларды шығармашылық (өнер, драма, ойын) арқылы білдірудің маңызы қарастырылады. Оқушылардың эмоционалды дамуын бағалау үшін арнайы шкалалар мен тесттер (М.А. Манойлова, К. Барчард) ұсынылады. Педагогтар оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту әдістерін меңгеріп, олардың эмоционалды өсуін бақылау құралдарымен танысады.

4) Модуль 4. Инклюзивті білім берудегі эмоционалды интеллект.

Инклюзивті сыныптарда эмоцияларды басқару ерекшеліктеріне және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоционалды дамуын қолдауға бағытталған модуль. Эмпатия мен қабылдау мәдениетін қалыптастыру, инклюзивті ортада эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері қарастырылады. Сондай-ақ, педагогтардың эмоционалды интеллектті дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар ұсынылады. Инклюзивті ортадағы педагогтың рөлі мен оның оқушылар арасындағы эмоционалды байланыстарды нығайтудағы маңызы талқыланады. Педагогтар инклюзивті сыныпта эмоцияларды басқару, оқушыларға эмоционалды қолдау көрсету және қауіпсіз орта қалыптастыру дағдыларын меңгереді.

5) Модуль 5. Эмоционалды интеллектті дамытуда ата-аналармен серіктестік.

Ата-аналардың эмоционалды сауаттылығын арттыруға және отбасы мен мектеп арасындағы өзара тиімді қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Эмоционалды интеллекттің отбасылық қарым-қатынасқа әсері, ата-аналардың бала эмоцияларын дұрыс түсіну және бақылау дағдыларын дамыту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, отбасындағы эмоционалды климатты жақсарту әдістері және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың негізгі қағидалары талқыланады. Ата-ана мен педагог арасындағы серіктестіктің бала дамуына ықпалы қарастырылып, практикалық жұмыстар мен тренингтер ұсынылады. Педагогтар ата-аналармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіріп, баланың эмоционалды дамуына қолдау көрсету бойынша тиімді әдістерді меңгереді.

Әр модуль емтиханмен аяқталады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Білім беру процесінде эмоционалды интеллектті дамыту: теориядан тәжірибеге дейінгі жаңа әдістер» біліктілікті арттыру курсы гибриді режимде: күндізгі, қашықтықтан (ZOOM, MS Teams), қосымшаға сәйкес оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады.

Курс барысында:

- эмоционалды интеллекттің теориялық талдануы бойынша дәрістер;
- эмоционалды интеллект деңгейін көтеруге арналған әдістер мен практикалық жұмыстар;

- пікірталастар, жағдайларды талдау және тәжірибе алмасу арқылы теорияны практикамен ұштастыруға негізделген топтық жұмыстар;
- практикалық жұмыстарды жүргізу, өз кәсіби тәжірибесінде қолдану және кері байланыс алу.

Оқыту мерзімі күндізгі және қашықтықтан оқыту форматында 72 сағатты құрайды.

Курс қатысушыларының білімін бақылау және бағалау келесі кезеңдерді қамтиды:

- курс басталар алдында және аяқталғаннан кейін білім деңгейін анықтауға арналған тестілеу;
- берілген практикалық жұмыстарды жүргізу;
- қорытынды тестілеу және жоба жазу арқылы курста меңгерілген білім мен дағдыларды бағалау.

Бұл курс практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, ал қатысушылар алған білімдерін кәсіби қызметінде және күнделікті өмірінде тиімді қолдана алады.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1. Эмоционалды интеллекттің теориялық негіздері

Уақыты: 12 сағат

Мақсаты: Тыңдаушыларға эмоционалды интеллекттің негізгі теориялық қағидаларын меңгерту, оның құрылымы, дамуы және тұлғааралық қарым-қатынастағы рөлін түсіндіру.

Міндеттері:

- Эмоционалды интеллекттің анықтамасын, құрылымдық компоненттерін зерттеу;
- Негізгі эмоционалды интеллект модельдерімен танысу.

Күтілетін нәтижелер:

- Эмоционалды интеллекттің теориялық негіздерін біледі;
- Тұлғааралық қарым-қатынастарда эмоционалды интеллекттің рөлін түсінеді;

Модуль 2. Педагогтардың эмоционалды сауаттылығы

Уақыты: 16 сағат

Мақсаты: Педагогтардың эмоционалды сауаттылығын дамыту және оны кәсіби қызметте тиімді қолдану жолдарын үйрету.

Міндеттері:

- Педагогтың эмоцияларды түсіну және басқару дағдыларын дамыту;
- Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы мен көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- Педагогтың эмоционалды сауаттылығын дамытады;
- Өзін-өзі реттеу және стрессті басқару тәсілдерін біледі.

Модуль 3. Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологиялары

Уақыты: 16 сағат

Мақсаты: Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамытуға бағытталған әдістер мен технологияларды меңгеру.

Міндеттері:

- Оқушылардың эмоцияларды тану, түсіну және реттеу дағдыларын дамыту;
- Өзін-өзі реттеу және жанжалдарды басқару тәсілдерін үйрету;
- Эмоцияларды шығармашылық (өнер, драма, ойын) арқылы білдірудің маңызын ашу;
- Оқушылардың эмоционалды дамуын бағалау құралдарын меңгерту.

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың эмоционалды интеллектін бағалау және дамыту әдістерін біледі;
- Эмоцияларды шығармашылық тәсілдермен дамытады;
- Конфликт жағдайларын тиімді шешуді үйренеді.

Модуль 4. Инклюзивті білім берудегі эмоционалды интеллект

Уақыты: 14 сағат

Мақсаты: Инклюзивті сыныптағы эмоцияларды басқару ерекшеліктерін меңгерту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың эмоционалды дамуын қолдау.

Міндеттері:

- Инклюзивті ортада эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін зерттеу;
- Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға эмоционалды қолдау көрсету тәсілдерін үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Инклюзивті сыныпта эмоцияларды басқарудың ерекшеліктерін біледі;
- Эмоциялық қауіпсіз орта құру тәсілдерін игереді.

Модуль 5. Эмоционалды интеллектті дамытуда ата-аналармен серіктестік

Уақыты: 14 сағат

Мақсаты: Ата-аналардың эмоционалды сауаттылығын арттыру және мектеп-отбасы арасындағы серіктестікті нығайту.

Міндеттері:

- Эмоционалды интеллекттің отбасылық қарым-қатынасқа әсерін зерттеу;
- Ата-ана мен педагог арасындағы серіктестікті нығайту жолдарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Ата-аналардың эмоционалды сауаттылығының маңызын түсінеді;
- Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын жетілдіреді.

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

1) педагог-психологтардың, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) дәрістер, презентациялар, бейнесабақтар тарату материалдары;

3) өзіндік жұмыстар, тест тапсырмалары;

4) интернет-ресурстар

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

	Сабақ тақырыбы	Дәріс	Практикалық жұмыс	Тест, жобалау	Қорытынды тест	Барлығы
	Модуль 1. Эмоционалды интеллекттің теориялық негіздері	4	8	3		15
1.	Эмоционалды интеллект түсінігі. Эмоционалды интеллекттің даму тарихы. Эмоционалды интеллект құрылымы.	1	2	3		
2.	Эмоция және сезім туралы жалпы түсінік. Эмоциялар және олардың функциялары.	1	2			
3.	Эмоционалды интеллекттің тұлғаға әсері. Эмпатия және оның эмоционалды интеллекттегі рөлі. Эмоцияларды тану және реттеу дағдылары. Алекситимия.	1	2			
4.	Эмоционалды интеллекттің негізгі теориялары мен модельдері. Тұлғааралық қарым-қатынаста эмоционалды интеллектіні қолдану.	1	2			
	Модуль 2. Педагогтардың эмоционалды сауаттылығы	3	6	3		12
1.	Эмоционалды сауаттылық анықтамасы және оның педагогикалық қызметтегі маңызы. Эмоцияларды түсіну және тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары.	1	2			
2.	Өзін-өзі реттеу және стрессті басқару. Эмоционалды интеллект және педагогтың көшбасшылық қасиеттері.	1	2			
3.	Эмоционалды саулық және кәсіби күйзелістің алдын алу. Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы: үлгілік	1	2	3		

	мінез-құлық және сыныптағы ынтымақтастық.					
	Модуль 3. Оқушылардың эмоционалды интеллектін дамыту технологиялары	4	6	3		15
1.	Балалардың эмоцияларын тану және атау қабілетін дамыту. Эмоцияларды тану және ажырату қабілеті.	1	2			
2.	Өзін-өзі реттеу, оның психологиялық негіздері. Конфликт жағдайларын тиімді шешу тәсілдері.	1	2			
3.	Балалардың конфликтті қалай қабылдайтыны және оған реакциясы. Эмоцияларды шығармашылық арқылы білдіру. Ойынның эмоционалды даму үдерісіндегі маңызы.	1	2	3		
4.	Оқушылардың прогрессін анықтауға арналған шкалалар мен тесттер (М.А.Манойлованың эмоционалды интеллект диагностикалау методикасы, К.Барчардтың эмоционалды интеллект сауалнамасы).	1	2	3		
	Модуль 4. Инклюзивті білім берудегі эмоционалды интеллект	3	8	3		12
1.	Инклюзивті сыныптарда эмоцияларды басқарудың ерекшеліктері.	1	2			
2.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың эмоционалды дамуын қолдау. Эмпатия және қабылдау мәдениетін қалыптастыру.	1	2			
3.	Инклюзивті сыныпта эмоциялық қауіпсіздік ортасын құру. Инклюзивті сыныпта эмоционалды интеллектті дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. Инклюзивті ортада педагогтың рөлі.	1	2	3		
	Модуль 5. Эмоционалды интеллектті дамытуда ата-аналармен серіктестік	4	8	3		15
1.	Ата-аналарды эмоционалды сауаттылығы. Эмоционалды интеллекттің отбасындағы қарым-ұатынасқа әсері.		2			

2.	Баланың эмоцияларын бақылау және түсіну бойынша ата-аналарға арналған практикалық жұмыстар.		2			
3.	Отбасындағы эмоционалды климатты жақсарту әдістері. Ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатудың негізгі қағидалары.		2			
4.	Бала дамуы үшін ата-ана мен педагог арасындағы серіктестіктің рөлі.		2	3	3	
Барлығы:		18	36	15	3	72

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін бағалауда, қатысушының оқу барысындағы теориялық білімдері мен тәжірибені орындау арқылы қалыптастырған дағдылары бойынша бағаланады.

Бағалау нәтижелерінің шкаласы:

90-100% - Барлық оқу мақсаттарына толық жетті, білімін еркін қолданады.

75-89% - Негізгі оқу мақсаттарын орындады, кейбір қателіктері бар.

60-74% - Басты оқу мақсаттарына жетті, бірақ белгілі бір олқылықтары бар.

50-59% - Міндетті оқу нәтижелеріне ішінара жетті, бірақ маңызды кемшіліктер бар.

0-49% - Оқу мақсаттарына жеткен жоқ, толықтыру қажет.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курсты аяқтағаннан кейін қатысушылардың алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануын қолдау мақсатында келесі сүйемелдеу шаралары қарастырылады:

1) Коучинг және менторлық қолдау

- Педагогтар мен мамандарға кәсіби кеңес беру.
- Эмоционалды интеллектті дамыту бойынша практикалық ұсыныстар.

2) Онлайн қауымдастық пен ресурстық база

- Қатысушыларға арнайы чат арқылы қолдау көрсету.
- Жаңа материалдар, әдістемелік нұсқаулықтар мен ғылыми мақалалармен тұрақты түрде бөлісу.

3) Практикалық тапсырмалар мен өзін-өзі бағалау құралдары

- Курстан кейінгі өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар.
- Эмоционалды интеллект деңгейін бағалау тесттері.

4) Кері байланыс және сертификаттау

- Курсты аяқтағаннан кейін қатысушылардан кері байланыс жинау.
- Сертификат беру және кәсіби біліктілікті арттыруға қатысты ұсыныстар жасау.

Курсты аяқтаған тыңдаушылар эмоционалды интеллектті қолдану дағдыларын нығайтып, кәсіби тәжірибесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік алады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Гоулман, Д. *Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ* / Пер. с англ. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019. — 480 бет.
2. Майер, Дж. Д., Саловей, П. *Эмоциональный интеллект: природа, развитие и применение* // В кн.: Саловей, П., Слойтер, Д. (ред.). *Эмоциональное развитие и эмоциональный интеллект: образовательные импликации* — Нью-Йорк: Basic Books, 1997. — 3-31 бет.
3. Бар-Он, Р., Паркер, Дж. Д. А. *Руководство по эмоциональному интеллекту: теория, развитие, оценка и применение* — Сан-Франциско: Jossey-Bass, 2000.
4. Брэккетт, М. А. *Право на чувства: как эмоции помогают детям, взрослым и обществу* / Пер. с англ. — Нью-Йорк: Celadon Books, 2019.
5. Петридес, К. В., Фернхэм, А. *Черты эмоционального интеллекта: психометрическое исследование в связи с установленными чертами личности* // *European Journal of Personality*, 2001, 15(6), 425-448.

Қосымша әдебиеттер:

1. Лэнгле, А. *Эмоции и экзистенция. Теоретические и практические рекомендации* / Пер. с нем. О. Шипиловой. — Харьков: Гуманитарный центр, 2017. — 284 бет.
2. Дэвид, С. *Эмоциональная гибкость. Как научиться радоваться переменам и получать удовольствие от работы и жизни* / Пер. с англ. Е. Ряхиной; под ред. Т. Рапопорт. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2020. — 304 бет.
3. Гиппенрейтер, Ю. *Большая книга общения с ребенком* — М.: АСТ, 2016.
4. Дж.Коулман, *Родители и взрослые дети. Как разрешить конфликты и восстановить отношения* — М.: Бомбора, Эксмо, 2022. — 416 бет.
5. Murashova, E.V. *Family Psychology: A Practical Guide* — Saint Petersburg: Rech, 2015.